

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА****2018 жылғы «30» қаңтар****2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «БЖЗК» АҚ ағымдағы көрсеткіштеріне қысқаша шолу**

**Қазақстан, Алматы** - 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетакы жинақтарының жалпы сомасы 7,78 трлн теңгені құрады. Сөйтіп 2017 жылдың басынан бері 1,1 трлн теңгеге артты. Яғни, бір жыл ішіндегі өсім 16,4 пайызды құрады.

2018 жылдың 1 қаңтарына қарай шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетакы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,12 млн бірлік, оның ішінде міндettі зейнетакы жарналары (МЗЖ) есебінен 9,64 млн бірлік болды. Міндettі кәсіптік зейнетакы жарналарын (МКЗЖ) есепке алу бойынша салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ саны 443 мың бірлікті, ал ерікті зейнетакы жарналарын есепке алу (ЕЗЖ) бойынша - 39 мың бірлікті құрады.

2017 жылы зейнетакы жарналары бойынша түсімдердің жалпы сомасы 756,5 млрд теңге болды. Зейнетакы жарналарының жалпы түсімі бір жыл ішінде 8,3 пайызға өсті. 2016 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 698,42 млрд теңгені құраған болатын. Міндettі зейнетакы жарналары бойынша жарналардың орташа мөлшері 15 078 теңгені құрады.

2017 жылды БЖЗК салымшылары мен алушыларының жеке зейнетакы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 550,6 млрд теңге болды. Қордың зейнетакы активтерінің табыстылығы 7,92 пайызды құрады. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 7,1 пайыз болғанын еске саламыз.

2017 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында БЖЗК-дан төленген зейнетакы төлемдерінің сомасы 211,12 млрд теңге, оның ішінде сақтандыру үйымдарына жасалған аударымдар 26,06 млрд теңге болды. Салыстырып қарайтын болсақ, өткен жылдың сәйкес кезеңінде Қордан 169,69 млрд теңге төленсе, оның ішінде сақтандыру үйымдарына жасалған аударымдар 22,69 млрд теңгені құраған. 2017 жылды орта есеппен 1 адамға берілген зейнетакы төлемдерінің сомасы шамамен 576,5 мың теңгеге жетті.

Бұгінде салымшы (алушы) жеке зейнетакы шотындағы зейнетакы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты (оның ішінде есептелген инвестициялық табысты) Қор кеңесесінде, сондай-ақ дәстүрлі пошта

байланысы, электрондық пошта, Қор сайты немесе ұялы қосымша арқылы алуға болады.

Сонымен қатар 2017 жылдың интернет байланысы тәсілін таңдағандар саны 2016 жылмен салыстырғанда 33 пайызға артып, 2018 жылдың 1 қаңтарына қарай 3,9 млн адамды құрады. Ал үзінді-көшірмені электрондық пошта арқылы алушды таңдағандар саны 2018 жылдың 1 қаңтарына қарай 0,8 млн адамға жетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 75 пайызға жоғары.

Ағымдағы жылдың басына қарай шамамен 4,7 млн адам зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алғанда тәсілінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдаған. Нақты айттар болсақ, шамамен 0,8 млн адам үзінді-көшірмені электрондық мекенжайға алатын болса, 3,9 млн адам ақпаратты Қор сайты немесе әр түрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы алу мүмкіндігіне ие. 2017 жылдың олардың қатарына хабарлау тәсілін өзгерту туралы қосымша келісім жасау арқылы 1,3 млн салымшы (алушы) келіп қосылды.

Бір жыл ішінде ұялы қосымшаны жүктеп алу саны 2,4 есеге артып, 1,2 млн бірлікті құрады. Еске сала кетелік, 2017 жылдың 1 қаңтарына қарай бұл көрсеткіш 509,7 мың жүктеп алушды құраған болатын.

БЖЗК әрбір салымшының қамын ойлай отырып, зейнетақы қызметтерін қашықтықтан көрсету және ақыл-кеңес беру арналарын тұрақты дамытуға күш салады. Еске сала кетелік, Қор 2017 жылдың салымшылар мен алушыларға Қор кеңселеріне келмей-ақ негізгі қызметтерді пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық сервистерді енгізді.

Содан бері 2018 жылдың 1 қаңтарына қарай салымшылар мен алушылар Қор сайтындағы барлық электрондық сервистерді пайдаланған.

Нақты айттар болсақ, 250 салымшы онлайн тәртібінде жеке зейнетақы шотын ашса, шамамен 50 алушы зейнетақы төлемдерін тағайындау жөнінде өтініш берген. Сондай-ақ шамамен 1,2 мың адам жеке деректемелеріне өзгерістер енгізсе, шамамен 500 салымшы зейнетақы шоты бойынша ақпарат алу тәсілін интернет байланысы арқылы алуға ауыстырған.

БЖЗК филиалдық желісінің қызметкерлері 2017 жылдың көсіпорындар мен ұйымдарда 18 мыңдан астам көшпелі таныстырылымдық шаралар өткізді. Оларға 556 мыңдан астам адам қатысты. Салымшылар мен алушыларға қызмет көрсету бойынша 6,3 миллионға жуық операция жүзеге асырылған.

Сондай-ақ 2017 жылдың қашықтықтан байланыс жасау арналары - байланыс орталығы, Қор сайтындағы «Кері байланыс» және «Онлайн чат» нысаны арқылы, қағаз жүзінде, «Пікірлер мен ұсыныстар кітабы» және әлеуметтік

желілер арқылы азаматтардан Қорға 405 мыңдан астам өтініш келіп түсken. Оларға 1-3 күн ішінде жауаптар қайтарылды. Салыстырып қарайтын болсақ, 2016 жылы шамамен 169 мың өтініш келіп түсken болатын. 2017 жылдың наурыз айынан бастап Қордың сайтында «Басқарма Төрайымының блогы» жұмыс істей бастады. Содан бері 2018 жылдың 1 қаңтарына қарай «Басқарма Төрайымының блогына» 393 өтініш келіп түсті. Оларға дер кезінде жауап қайтарылды.

**БЖЗК** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жузеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алушы жузеге асырады, салымшиға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (*толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында*).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)